

## Қауымдық сервитутін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2026 жылғы 17 маусымдағы № 151 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы аумағында орналасқан жалпы алаңы 9.06 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай "AltynCo" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін 2032 жылдың 03 наурызына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданының әкімі*

*Ж. Жидеханов*